

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 наурыздағы N 231 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 22 қыркүйек N 1434. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.05.29. N 594 қаулысымен. ~P020594

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың жұмысын жандандыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 наурыздағы N 231 P990231_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 8, 56-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың тең төрағаларының қазақстандық бөлігі құрамына мыналар:

Сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-қытай үкіметаралық комиссиясына, Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-иран үкіметаралық комиссиясына - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі Мәсімов Кәрім Қажымқанұлы;

Сауда-экономикалық байланыстар және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-болгар комиссиясына - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бәйменов Әлихан Мұхамедияұлы;

Шекара маңындағы ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-ресей шағын комиссиясына - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда вице-министрі Нефедов Петр Петрович;

Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-палестина комиссиясына және Қазақстан-ливия бірлескен үкіметаралық комиссиясына - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік қарыз алу департаментінің директоры Дунаев Арман Ғалиасқарұлы енгізілсін.

Көрсетілген құрамдардан Серік Мінәуарұлы Бүркітбаев, Николай Владимирович Радостовец, Әнуар Ғалимоллаұлы Сәйденов және Есберген Әбітайұлы Әбітаев шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.Н.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК